

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы тау-кен және металлургия институты

«Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту» кафедрасы

ҚОЖАБАЙ БАҚЫТЖАН НАҒЫЗХАНҚЫЗЫ

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА


Тақырыбы: «Саяқ кен орынындағы мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5млн»


5B073700 – Пайдалы қазбаларды байыту

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ
УНИВЕРСИТЕТІ
Ө.А. БАЙҚОҢЫРОВ АТЫНДАҒЫ ТАУ-КЕН МЕТАЛЛУРГИЯ ИНСТИТУТЫ
МЕТАЛЛУРГИЯ ЖӘНЕ ПАЙДАЛЫ ҚАЗБАЛАРДЫ БАЙЫТУ КАФЕДРАСЫ

СӘТБАЕВ
УНИВЕРСИТЕТІ



ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ:
МжПҚБ кафедрасының меңгерушісі
техника ғылымдарың кандидаты
 М.Б. Барменшинова
« 17 » 05 2019 ж.

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: «Саяқ кен орынындағы мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5млн»

5B073700 – Пайдалы қазбаларды байыту мамандығы

Орындаған:

Қожабай Бақытжан Нағызханқызы

Ғылыми жетекші:

PhD доктор, сениор-лектор

А.Р. Мамбеталиева

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен металлургия институты

Металлургия және пайдалы қазбаларды байыту кафедрасы



БЕКІТЕМІН

М.ж.ПКБ каф. меңгерушісі,

тех. ғыл. канд. доцент

М.В. Барменшинова

2019 ж.

**Дипломдық жобаны даярлауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы: Қожабай Бақытжан Нағызханқызы

Тақырыбы «Саяқ кен орынындағы мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5млн.»

институттың Ғылыми кеңесімен бекітілген №1113-б «08» 10.2018 ж

Орындалған жобаның өткізілу мерзімі «24» мамыр 2019 ж.

Жобаға қажетті мәліметтер:

1) Технологиялық регламент (жұмыс істеп тұрған өндірістің), орындауға жүктелген сұрақтар тізбесі.

2) Жобаны орындауға негізделген сұрақтардың тізбесі немесе дипломдық жобаның қысқаша мазмұны.

3) Кіріспе. Кен орнының сипаттамасы. Жобаның технологиялық бөлімі. Мыс шикізатын флотация процесі арқылы өндеу технологиясын құрастыру. Технологиялық сұлбаны таңдау және негіздеу. Технологиялық сұлбаны есептеу негізінде алынған нәтижелер бойынша негізгі және қосалқы құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу. Жобаның техника-экономикалық бөлімі. Еңбек қорғау және қоршаған ортаны қорғау сұрақтары.

Ұсынылатын негізгі әдебиеттер:

1. Абрамов А.А. Технология переработки и обогащения руд цветных металлов. М: Изд. МГГУ, 2005.

2. Сажин Ю.Г. Расчеты схем рудоподготовки и выбор оборудования для дробления, грохочения, измельчения и классификации. Алматы 2005

Дипломдық жобаны дайындау

КЕСТЕСІ

Бөлімдердің атауы, игерілетін мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшіге көрсету мерзімдері	Ескертпе
Технологиялық сұлбаны негіздеу және есептеу	4.03.2019 - 11.03.2019	<i>орындалды</i>
Құрылғыны таңдау және есептеу	11.03.2019 – 20.03.2019	<i>орындалды</i>
Сызбаларды дайындау	26.03.2019 – 29.03.2019	<i>орындалды</i>
Қауіпсіздік және еңбек қорғау	25.03.2019 – 19.04.2019	<i>орындалды</i>
Техникалық есептеулер	25.03.2019 – 19.04.2019	<i>орындалды</i>
Түсіндірме жазбаны рәсімдеу	1.05.2019 – 14.05.2019	<i>орындалды</i>

Жобаның қатысты бөлімін көрсету мен толық дипломдық жобаға
кеңесшілер мен норма бақылаушының

ҚОЛДАРЫ

Бөлімдердің атауы	Ғылыми жетекші, кеңесшілердің аты-жөні, (ғылыми дәрежесі ,атағы)	Қол кою күні	Қолы
Экономикалық бөлім	ҚазҰТУ-дан: PhD доктор, сениор А.Р. Мамбеталиева	15.05.2019	<i>[Signature]</i>
Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі	ҚазҰТУ-дан: PhD доктор, сениор А.Р. Мамбеталиева	15.05.2019	<i>[Signature]</i>
Норма бақылау	М және ПҚБ каф. лекторы И.Ю . Мотовилов	15.05.2019	<i>[Signature]</i>

Ғылыми жетекші *[Signature]* А.Р. Мамбеталиева

Тапсырманы орындауға қабылдады *[Signature]* Б.Н. Қожабай

Күні және қолы «15» мамыр 2019 ж.

Протокол анализа Отчета подобия Научным руководителем

Заявляю, что я ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Қожабай Бақытжан Нағызханқызы

Название: Саякк кен орынындағы мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5 млн.

Координатор: Алима Мамбеталиева

Коэффициент подобия 1:0

Коэффициент подобия 2:0

Тревога: 883

После анализа Отчета подобия констатирую следующее:

- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, признаю работу самостоятельной и допускаю ее к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, не допускаю работу к защите.

Обоснование:

Выполненный дипломный проект студента
Жогабай Б.Н. является самостоятельной
выполненной работой, не обладает признаками
заимствования. Дипломный проект допускается
к защите.

Ред. лектор Мамидзариева А.Р.



Дата 14.05.2019

Подпись Научного руководителя

Протокол анализа Отчета подобия

заведующего кафедрой / начальника структурного подразделения

Заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения заявляет, что ознакомился(-ась) с Полным отчетом подобия, который был сгенерирован Системой выявления и предотвращения плагиата в отношении работы:

Автор: Кожабай Бақытжан Нағызханқызы

Название: Саякк кен орынындағы мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5 млн.

Координатор: Алима Мамбеталиева

Коэффициент подобия 1:0

Коэффициент подобия 2:0

Тревога: 883

После анализа отчета подобия заведующий кафедрой / начальник структурного подразделения констатирует следующее:

- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются добросовестными и не обладают признаками плагиата. В связи с чем, работа признается самостоятельной и допускается к защите;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования не обладают признаками плагиата, но их чрезмерное количество вызывает сомнения в отношении ценности работы по существу и отсутствием самостоятельности ее автора. В связи с чем, работа должна быть вновь отредактирована с целью ограничения заимствований;
- ☐ обнаруженные в работе заимствования являются недобросовестными и обладают признаками плагиата, или в ней содержатся преднамеренные искажения текста, указывающие на попытки сокрытия недобросовестных заимствований. В связи с чем, работа не допускается к защите.

Обоснование:

Выполненный дипломный проект студента 4 курса, специальности 5В073400 - Обогащение полезных ископаемых Кожабай Бақытжан Нағызханқызы является самостоятельной выполненной работой не обладает признаками плагиата

14.05.2019

Гармашева Н.Б.

Дата

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Окончательное решение в отношении допуска к защите, включая обоснование:

Допуск к защите

14.05.2019

Дата

Баранникова Н.В.

Подпись заведующего кафедрой /

начальника структурного подразделения

Ғылыми жетекшінің пікірі

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

(жұмыс түрінің атауы)

Қожабай Бақытжан Нағызханқызы

(білім алушының Т.А.Ә.)

5B073700 – Пайдалы қазбаларды байыту

(мамандық атауы мен шифрі)

Тақырыбы: «Саяқ кен орынындағы мыс кенін байыту фабрикасының байыту бөлімінің жобасы. Жылдық өнімділігі 5 млн»

Дипломдық жобада Саяқ кен орнының мыс кенін байыту технологиялық және су шлам схемаларын есептеумен қатар, фабрика жұмысына қажетті негізгі және қосалқы жабдықтар таңдалынып алынған. Мыс кенін флотациялаудың принциптік схемасы көрсетілген. Жобада арнайы үрдістер мен техника экономика бөлімі және қауіпсіздік және еңбек қорғау, процестерді басқару бөлімдері қоршаған ортаны қорғау қарастырылған. Дипломдық жұмысты студентке берілген тақырыпқа сай жүргізілген. Сондай-ақ түсініктеме жазбада қажетті есептеулер мен жабдықтар таңдау жолдары толық келтірілген.

Жалпы дипломдық жоба толығымен орындалған және «өте жақсы» (А, 94 %) деген бағаға лайық. Студент Қожабай Бақытжан Нағызханқызы Пайдалы қазбаларды байыту мамандығы бойынша білікті маман болуға дайын екенін көрсете алды және бакалавр дәрежесіне сай деп есептеймін.



Ғылыми жетекші
ҚазҰТЗУ РНД доктор, сениор

А.Р. Мамбеталиева

«15» мамыр 2019 ж.

АНДАТПА

Бұл дипломдық жобада Саяқ кен орынындағы мысты кенді байытудың аспектілері қарастырылады. Қазіргі уақытта 2 кен орыны пайдаланылуда: Саяқ–1 және Тастау. Есептелген қорлардың басым бөлігі 95 % бастапқы сульфидті кендерден тұрады, тотықты кен - 3 %, аралас кендер-2 % . Саяқ кен орынын өңдеумен «Қазақмыс» корпорациясы ЖШС филиалы «Балқаштүстімет» өндірістік бірлестігінің «Балқаш байыту фабрикасы» айналысады. Өндіріс жоспарына сәйкес бағалы компонент, мыстың үлесі 0,82%,. Кенді өңдеу флотация әдісімен жүзеге асырылады. Кенді өндіру жер асты тәсілімен жүзеге асырылады. Кенді фабрикаға жартылай вагондарда жеткізіледі.

Жобада технологиялық және су шлам схемаларын есептеумен қатар, фабрика жұмысына қажетті дайындау процесінің негізгі және қосалқы жабдықтар толығымен есептеліп, таңдалынып алынған. Түсініктеме жазбада есептеулер мен жабдықтар таңдау жолдары келтірілген.

АННОТАЦИЯ

В данном дипломном проекте рассматриваются аспекты обогащения медной руды на месторождении Саяк. В настоящее время эксплуатируются 2 месторождения: Саяк–1 и Тастау. Большая часть подсчитанных запасов состоит из 95% первичных сульфидных руд, окисленных руд-3 %, смешанных руд-2%. Переработкой Саякского месторождения занимается филиал ТОО корпорация «Казахмыс» «Балхашская обогатительная фабрика» производственного объединения «Балхашцветмет». Согласно плану производства доля ценного компонента, меди - 0,82%. Переработка руды осуществляется методом флотации. Добыча руды осуществляется подземным способом. Руды поставляются на фабрику в полувагонах.

В проекте наряду с расчетом технологических и водяных шламовых схем, было выбрано и полностью рассчитано основное и вспомогательное оборудование процесса подготовки, необходимое для работы фабрики. В пояснительной записке приведены способы выбора и вычисления оборудования.

ANNOTATION

This diploma project discusses aspects of the enrichment of copper ore at the Sayak Deposit. Currently, 2 fields are being exploited: Sayak–1 and Tastau. Most of the estimated reserves consist of 95% of primary sulphide ores, 3% of oxidized ores and 2% of mixed ores. Processing Sayak field is a branch of LLP Corporation "Kazakhmys" – "Balkhash processing factory" production Association "Balkhashtsvetmet". According to the production plan, the share of the valuable component, copper - 0.82%. Ore processing is carried out by flotation. Ore mining is carried out by underground method. Ores are delivered to the factory in gondola cars. In the project, along with the calculation of technological and water sludge schemes, the main and auxiliary equipment of the preparation process necessary for the operation of the factory was selected and fully calculated. The explanatory note shows how to select the calculation and equipment.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	9	
1	ЖОБАНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕ ЖАЗБАСЫ	10
1.1	Байыту фабриканың сипаттамасы	11
1.1.2	Кен орының сипаттамасы	
1.2	Цехтардан жұмыс істеу режимдері және олардың өнімділігін есептеу	15
1.3	Ұсату сұлбасының есебі	15
1.3.1	Ұнтақтау сұлбасын таңдау және есептеу	16
1.3.2	Өнімдердің металдар тепе-теңдігін есептеу	18
1.4	Сусыздандыру сұлбасын таңдау	20
1.4.1	Су-шламдық сұлбаны есептеу	22
1.5	Негізгі технологиялық құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу	25
1.5.1	Ұнтақтау құрал-жабдықтары	25
1.5.2	Гидроциклонды таңдау және есептеуі	26
1.5.3	Байыту бөлімінің құрал-жабдықтары	26
1.5.3.1	Флотациялық машиналар	26
1.5.3.2	Сусыздандырудың құрал-жабдықтары есептеуі	28
1.6	Ленталы конвейердің есептеуі	28
2	ӨНДІРІСТІҢ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫ	30
2.1	Реагенттік шаруашылық	30
2.1.1	Реагенттер дайындау бөлімі	32
2.2	Бункер және қойма	32
2.3	Байыту технологиялық процесін бақылау және сынамалау	33
2.4	Жөндеу жұмыстары	33
2.5	Қалдық шаруашылығы	33
3	ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ	36
3.1	Ұйымдық- құқықтық аспектілері	36
3.2	Еңбек қорғаудағы қауіпсіздік техникалық шаралары	37
4	ӨНДІРІС ЭКОНОМИКАСЫ	39
4.2	Эксплуатациялық шығындары есептеу	39
4.3	Құрал-жабдықтарды пайдалануға және оларды ұстап тұруға шығындалатын шығындарды есептеу	40
4.4	Жалақы төлеу жүйесі	40
4.5	Цехаралық шығындарды есептеу	41
Қорытынды		42
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі		43

КІРІСПЕ

Саяқ мыс кен орындарының тобы Балқаш қаласынан шығысқа қарай 206 шақырым жерде орналасқан және ежелгі зерттемелердің ізімен ашылған. Қазіргі уақытта 2 мансап пайдаланылуда: Саяқ–1 және Тастау.

Есептелген қорлардың басым бөлігі 95 % бастапқы сульфидті кендерден тұрады. Мыс тотығының құрамы 50 % - 3 % - дан асатын тотыққан кендер, аралас кендер-2 % .

Біріншілік кендер. Мыс-магнетит кендері кенді скарлардағы кен орнының мыс-магнетит учаскесінде көбінесе оқшауланады және морфологиясы мен өлшемдері жоғарыда сипатталған тік құламалы денелерді құрайды. Кендер магнетиттің, мыс сульфидтерінің және кенсіз минералдардың тең түйіршікті кристалды агрегатын құрайды. Магнетит кеннің негізгі массасын, оның көлемінің 70-80% құрайды. Ол түйіршікті анық кристалды жинақтарды құрайды. Гранат бойынша магнетиттің ірі кристалды псевдоморфозы жиі кездеседі. Халькопирит және борнит магнетитке қатысты күрт бағынышты мөлшерде дамыған және магнетит массасында жарықшақтар мен ұсақтау иенкаларына тартылады. Олардың жиналуы әдетте кеннің күрделі дақ-жолақты текстурасын негізге ала отырып, ұя немесе бүріккіш сипатында болады.

Талшықты минералдар-кварц, эпидот, хлорит, кальцит әдетте сульфидтермен тығыз байланыста болады және шамамен бірдей мөлшерде соңғылармен таралған. Аталған негізгі минералдардан басқа халькозин мен ковеллин, молибденит, кобальтин, висмутин, галенит, сүйкімді кендер, сондай-ақ әртүрлі минералдарда жұқа қоспаларды құрайтын өзіндік алтын орнатылады. Кендердегі негізгі өнеркәсіптік құндылығы құрамында 10-12%, орташа 3% шамасында ауытқитын мыс; құрамында 40-60% шамасында ауытқитын магнетит түріндегі темір; сульфидтердегі изоморфтық қоспа түрінде, неше түрлі минералдардағы текті алтынның ең жұқа қапталуы түрінде болмашы дәрежеде болатын алтын, құрамында алтын мөлшері 3-5 г/т дейінгі іздерден шегінде ауытқиды, орташа алғанда шамамен 2 г/т. құрайды. Кендерде мынадай ілеспе компоненттер белгіленеді: 15-25 г/т мөлшерінде күміс, 0,005-0,007% мөлшерінде молибден, 0,01% кобальт, селен, теллур тек мономинералды сынамаларда орнатылатын және сульфидтермен байланысты. Кендер құрамында алтын, күміс, селен және теллур бар жоғары сапалы мыс концентратын және құрамында жоғары сапалы кобальт бар магнетит концентратын ала отырып флотация және магнитті сепарация әдістерімен оңай байытылады. Мыс, темір және күмісті алу 95-96 %, алтын-85% құрайды. Селен және теллур алтын мен күміс сияқты мыс концентратына шығарылады.

Саяқ кен алаңы Жезқазған облысының Приозерск ауданында Балқаш қаласынан шығысқа қарай 200 км Балқаш-Саяқ-Ақтоғай темір жолы бойымен, Балқаш көлінен солтүстікке қарай 40 км қашықтықта орналасқан. 1930 жылы Ежелгі әзірлемелер мен балқымалардың іздері бойынша ашылған.

1 Жобаның түсініктеме жазбасы

1.1 Байыту фабрикасының сипаттамасы

"Қазақмыс" корпорациясы ЖШС филиалы "Балқаштүстімет" өндірістік бірлестігінің Балқаш байыту фабрикасы (бұдан әрі мәтін бойынша ББФ) мыс-сульфидті кенді өңдеуге арналған. Кенді өңдеу флотация әдісімен жүзеге асырылады. Кенді өндіру жер асты тәсілімен жүзеге асырылады. Кенді фабрикаға жартылай вагондарда және шлак думпкаларда жеткізіледі

Қазіргі уақытта Саяк, Шатыркөл, Нұрқазған және Ақбастау кендері мен металлургиялық өндіріс қождарын қайта өңдеу жөніндегі технологиялық тізбекті қамтиды:

- ірі, орта және ұсақ ұсақтау корпустары бар ұсақтау бөлімі;
- ұнтақтау, флотациялық және реагенттік бөлімшелері бар бас корпус;
- ұсақтау, ұсақтау және қоюландыру бөлімшелері бар Конвертерлік шлактарды өңдеу цехы;
- сүзу бөлімі;
- машиналар миен арнайы механизмдерді жөндеу және қызмет көрсету бөлімшесі бар қалдықтарды жинау цехы.

Өндіріс жоспарына сәйкес бағалы компоненттердің мазмұны 2013 жыл:

Мыс -0,62 %.

Алтын -2,77 г/т.

Күміс – 0,28 г/т.

Жылдағы жұмыс күндерінің саны -365.

Ұсақтаудың бірінші сатысына түсетін бастапқы кесектің ең үлкен ірілігі, минус 1300 мм.

ББФ технологиялық схемасы ірі - орта ұсақ ұсақтаудың конустық ұсақтағыштарында ұсақтауды, өзекті және шар ұнтақтауды, негізгі, бақылау және тізбекті флотациялауды, концентратты қоюландыруды және сүзгілеуді, қалдықтарды қоюландыруды, Реагенттерді дайындау және мөлшерлеуді көздейді. ББФ құрылымы келесі нысандарды қамтиды:

- Ұнтақтау цехы;
- Бас корпус;
- Конвертерлік қожды өңдеу цехы және қоюландыру бөлімшесі;
- Сүзу бөлімі;
- Қалдықтарды жинау цехы.

Фабриканың елеулі айырмашылығы мыналар болып табылады:


- ұсақтау корпусы КҚД -1500 / 180 ГРЩ бір бірлігінен тұрады;
- қазіргі заманғы ұнтақтау жабдықтарын пайдалану ("NORDBERG HP-500" " ұсақтағыш және RF 1836-1P ауыр дөңгелек дірілін Metso Minerals) ұнтақтау шегін және пайдалану шығындарын азайтуға мүмкіндік береді;
- ФМ -6,3 және ФПМ -6,3 Усольмаш флотациясының қазіргі заманғы жабдығын, сондай-ақ if -24 "Альфа Контракшен».

1.1.2 Кен орынның сипаттамасы

Саяқ I кен орны грабен-синклиналидің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Алтын-молибденді-мыс-магнетит кендерінің негізгі денесі скарналарда олардың алтын-молибденді-мыс кендерін жиектейтін және шығыстан жанасатын алтын-молибденді-мыс кендерін диорит-гранодиориттердегі тікелей байланыс аймағында оқшауланады, тұтастай алғанда 200 м тереңдікте 70-800-ге дейін өседі. Сульфидті-магнетитті кендер, скарларда және гранитоидтарда сульфидті кендер, ортасында құрамында мыс 10-15% дейін, алтын 15-20 г/т дейін, күміс 100 г/т дейін, молибден 0,2-0,3% дейін. Орташа құрамы тиісінше 2,5% , 1 г / т, 18 г / т және 0,01% құрайды. Висмут және теллур құрамы 5 г/т, селен және рений құрамы 0,5 г/т. Антиклинальдің батыс қанатында ұзындығы 400 м дейін, құлауы 300 м және қуаты 15-20 м (орта есеппен шамамен 10 м) дейін қуатымен қуаттылығы 400 м дейін қуаттылығы 400 м дейін қуаттылығы 400 м дейін қуаттылығы 400 м дейін болатын жабысқақ әктастың әрбір үш қорабының біреуінен келісілген линз тәрізді шоғырлар бөлінеді. Скарлардың табанында ені 600 м және қуаты 10-15 м (орта есеппен 4-5 м) дейін болған кезде барлық учаске арқылы 1200 м созылатын, жабынды-прожилкалы молибден кендерінің шоғыры оқшауланды. Молибденнің орташа мөлшері 0,351 %, Рени 10 г / т. учаске карьермен әзірленеді. Басты минералдары: борнит, халькопирит, буланжерит, арсенопирит, кобальтин, молибденит, т.б. Өндірістік мәні бар металдары: мыс (10 – 15 %), молибден (0,01 – 1 %), кобальт (0,151 %), алтын (орташа 7,8 г/т), т.б. Кентас ашық кеніш арқылы өндіріледі. Ауданның кен орындары «Балқашмыс» кәсіпорнының шикізат базасы болып табылады. Саяқ кен орнының кендері күрделі минералды құрамға ие. Оларда пирротин, халькопирит, борнит, герсдорфит, арсенопирит, кобальтин, эмплектит, алтын, молибденит, магнетит, сирегірек галенит және сфалерит кеңінен дамыған. Алтын-молибден-мыс кендері (Саяқ-3, Саяқ-1, Саяқ-2, Тастау) ілеспе компоненттері - висмутпен, селенмен, теллурмен, күміспен, кобальтпен, рениймен, магнетитті темірмен аса үлкен тәжірибелік маңызға ие. ең орнының кендерінде келесі кен минералдары орнатылған: біріншілік- пирит, молибденит, халькопирит, борнит, энаргит, блекл кендері, галенит, марказит. Екінші реттік: реакциялық борнит, реакциялық халькопирит, халькозин, ковеллин.

Кен орнының өнеркәсіптік кендерінің заттық құрамын сипаттайтын ең типтік сульфидтер мыналар болып табылады: пирит, халькопирит, ковеллин, халькозин, борнит, блеклая кен, энаргит және молибденит. Тотыққан мыс минералдарынан: малахит, азурит, хризоколлдар кездеседі.

Халькопирит- CuFeS_2 -кен орнының бастапқы кендеріндегі ең көп таралған сульфидті минерал. Ол ұсақ шашыраңқы бояуды қалыптастырады және ұсақ ұяшықтар түрінде сирек жиналады. Халькопирит 40 % – ға мөлшері 22,4-44,8 мкм дұрыс емес пішінді бос дәндер түрінде болады. Кенсіз минералдар ассоциациясында дәндердің көлемі 16,8-33,6 мкм-ден ауытқиды.



1 сурет – Саяқ І кенорынының геологиялық көрінісі

1- алевролитті туфтар, 2 - құмтастар, 3 - әктастар, 4 - әктасты туфалевлиттер, 5 - диорит порфириттердің вулканқұрамды денелері, 6- перьмды эффузивтер, 7- 8- жоғары таскөмірлі интрузивті кен, 9- диоритті дианегізді порфириттердің дайкалары, 10-скарндар, 11-кенді денелер, 12- үзілу бұзылыстары.

Кен орнынан темір жол бойымен өнеркәсіптік орталық – Балқаш қ. дейінгі қашықтық -202 км. Саяқ кен орнының кендері күрделі минералды құрамға ие. Оларда пирротин, халькопирит, борнит, герсдорфит, арсенопирит, кобальтин, эмлектит, алтын, молибденит, магнетит, сирегірек галенит және сфалерит кеңінен дамыған. Алтын-молибден-мыс кендері (Саяқ-3, Саяқ-1, Саяқ-2, Тастау) ілеспе компоненттері - висмутпен, селенмен, теллурмен, күміспен, кобальтпен, рениймен, магнетитті темірмен аса үлкен тәжірибелік маңызға ие.

Кендердегі мыстың орташа мөлшері 0.65-1.62%, молибденнің-0.0045%, алтынның -0.16-1.23 г/т құрайды. Саяқ кеніші бойынша баланстан тыс кеннің үйінділерде жиналған қорының 01.01.1995 ж. жағдайы:

Саяқ-1 сульфидті кен - 2301.6 мың т; Cu -0.39 %; мыс - 8976 т.

Саяқ-1 тотыққан кен - 121.6 мың т; Cu -0.77% мыс - 936т.

Молдыбай: тотыққан кен 628.6 мың т.; Cu - 0.68% мыс - 3329 т.


Тастау: сульфидті кен - 5780.2 мың т.; Cu - 0.36%; мыс- 20994 т.

Кеніш бойынша барлығы: кен - 8832 мың т; Cu - 0.88%; мыс - 34285т.

оның ішінде сульфидті кен - 8081.8 мың т.; Cu - 0.37%; мыс - 29970т.

тотыққан кен - 750.2 мың т. Cu - 0.57%; мыс - 4265 т.

Саяқ кен орнын 1930 жылдары атақты геолог Николай Иванович Наковник ашқан, оның жалпы көлемі мыңнан аса квадрат километр. Саяқ аймағындағы ірі кен орындары Саяқ – 1,2,3,4, Тастау және Молдыбай. 1997 жылы Саяқ кенішінің «Саяқ - 3» участкесінде жер асты өңдеу басталды. Зерттелмеген және жаңадан анықталған объектілерде геологиялық-барлау жұмыстары қазір жалғасуда. Кен алабы бірнеше кеңістіктік бытыраңқы скарлы-кенді кен орындары мен гранитоидтағы штокверктік молибденді-мыс минералдану аймақтарын біріктіреді: Саяқ I,II,III,IV, Тастау, Молдыбай, Жамбас, Берқара, жұмбақ, Үміт және т.б. Бөлу реттігінде келесі өнеркәсіптік кенді-минеральды қауымдастықтар белгіленеді: борат-боросиликат (датолит, данбурит, людвигит), магнетит, мышьякты-алтын-кобальт, молибден, алтын-молибден-мыс, кварц-алтын кенді. Кен орындарының өнеркәсіптік құндылығын анықтаған жетекші қауымдастық - скарлардағы алтын-молибден-мыс, магнетит кендерінде және гранитоидтарда - үш минералогиялық түрден тұрады: борнит (+халькопирит), халькопирит, пирротин-халькопирит. Мыстың ең жоғары құрамы 10-15% - ға дейін (орташа 2,5-3%) бірінші сортта белгіленеді. Онда молибденит кең таралған, бұл молибденнің жоғары (0,01-0,02%, кен орны бойынша орташа 0,005%) мөлшерін және оған ілеспе ренияны негіздейді.



1.1 сурет – Саяқ кенді алабы. Г.П Бурдуков бойынша

- 1-пироксен-мүйіз-алдамшы порфириттері және олардың туфтары
- 2-құмтас қабаттары бар алевропелитті туфтар
- 3-эктас, эктасты құмтастар және мәрмәр
- 4-туфтардың бағынышты қабаттары бар құмтас
- 5- конгломераттар
- 6-олигоклазофирлер мен кварцты альбитофирлердің лавалары,
- 7-биотит- мүйізалдамшы граниттері
- 8-бөлінбеген гранодиориттер
- 9- диорит порфириттердің дайкалары
- 10- мыс кенді кварц желілері,
- 11- минералды скарндар,
- 12-аксинитизация
- 13-турмалин желілері.

1.2 Цехтардан жұмыс істеу режимдері және олардың өнімділігін есептеу

Ұсату цехының өнімділігі

n – бір тәуліктегі сменнің саны – 3.

m – сменнің ұзақтылығы – 7 сағат .

η - кеннің бір қалыпты берілмеуін ескеруші коэффициент – 0,95.

Цехтың тәуліктік өнімділігін анықтауына қолданылатын формула :

$$Q_{\text{тәу}} = Q_{\text{ж}} / 305 \quad (1)$$

Сағаттық өнімділігі :

$$Q_{\text{сағ}} = Q_{\text{ж}} / 305 * n * m * \eta \quad (1.1)$$

$$Q_{\text{тәу}} = 5\,000\,000 / 305 = 16393 \text{ т/тәу}$$

$$Q_{\text{сағ}} = 16393,4 / 3 * 7 * 0,95 = 16393,4 / 19,95 = 822 \text{ т/сағ}$$

Бас корпусстың өнімділігі

n – бір тәуліктегі смена – 3.

m – смен ұзақтылығы – 8 сағат .

Цехтың тәуліктік өнімділігін анықтаймыз :

$$Q_{\text{тәу}} = Q_{\text{ж}} / 340, \text{ т/сағ} .$$

$$Q_{\text{сағ}} = Q_{\text{ж}} / 340 * n * g, \text{ т/сағ} .$$

$$Q_{\text{тәу}} = 5\,000\,000 / 340 = 14706 \text{ т/тәу}.$$

$$Q_{\text{сағ}} = 500\,000 / 340 * 24 * 0,95 = 645 \text{ т/сағ} .$$

1.3 Ұсату схемасын есептеу және таңдау

Кен құрамындағы ең ірі кесектің диаметрі 1200 мм. Ұсатылған кесек 20 мм болу керек. Кеннің қаттылығы d=12. Осы берілгендер арқылы ұсату схемасын таңдап аламыз : 3 сатылы ұсату, 3-сатының алдында елеу процессі бар. Жалпы ұсату дәрежесі :

$$S_{\text{ж}} = D_{\text{max}} / d_{\text{max}} = 1200 / 20 = 60 \quad (1.2)$$

ұсату аппараттарының технологиялық сипаттамасына сәйкес 1-сатыдан кейін кен ірілігі 350мм. Олай болса оның ұсату дәрежесі :

$$S_{\text{I}} = D_{\text{max}} / d_{\text{I}} = 1200 / 350 = 3,4 ;$$

2-сатыдағы ұсату дәрежесі :

$$S_{\text{II}} = D_{\text{max}} / d_{\text{II}} = 350 / 80 = 4,4 ;$$


$$S_{\text{III}} = D_{\text{max}} / d_{\text{III}} = 80 / 20 = 4$$



1.1.2 сурет – Ұсату схемасы

1.3.1 Ұнтақтау сұлбасын есептеу және таңдау

Кеннің физикалық қасиетін, ірілігі, сеппелік сипаттамасын және ұнтақтайтын ірілігі -80% 20мм ,2 сатылы ұнтақтау схемасы қолданылады . Ғылыми-зерттеу жұмыстарының және осы кенді байыту тәжірибесінен алынған деректер негізінде байыту алдында келесі ұнтақтау операциясы ұсынылады. – ұнтақтау ірілігі 60 % - 70 мкм классы бойынша. Орташа ұнтақталынатын кен үшін ұсату процесіне түсетін кеннің номиналды ірілігі 12 мм құрайтын болса және ондағы дайын кластың үлесі 9% болғанда, ұсынылатын ұнтақтау ірілігін 2 сатыда алуға болады. Бірінші ұсату сатысында тұйық циклде істейтін шарлы диірмен қолданылады. Берілген іріліктегі (60% -74 мкм) өнімді тұрақты түрде алу үшін екінші сатының ағызындысы бақылау классификациясына берілу қажет. Төменде есептеулерге қажет сұлба мен қатар есептеулер нәтижелері толық келтірілген.



1.2 сурет – Ұнтақтау сұлбасы

Таңдап алынған ұнтақтау схемасы екі сатылы. I сатысы және II сатысы бақылау сұрыптауымен тұйық циклде жұмыс істейді.

I сатыдағы ұнтақтау процессіндегі айналмалы жүк мөлшері $C=150\%$

II сатыдағы ұнтақтау процесіндегі айналмалы жүк мөлшері $C=190\%$.

Байыту өнімдерінің шығымдарын (γ) анықтаймыз, %: $\gamma_0 = 100\%$

$$\gamma_1 = \gamma_0 + \gamma_4 = 100 + 150 = 250\%$$

$$\gamma_5 = \gamma_3 + \gamma_8 = 100 + 190 = 290\%$$

$$\gamma_2 = \gamma_1 = 250\%$$

$$\gamma_6 = \gamma_5 - \gamma_7 = 290 - 190 = 100\%$$

$$\gamma_3 = \gamma_0 = 100\%$$

$$\gamma_7 = \gamma_8 = 190\%$$

$$\gamma_4 = C = 150\%$$

$$\gamma_8 = C = 190\%$$

Өнімдердің абсолюттік массасын шығымдарды қайтара есептейміз:

$$Q_n = \gamma_n \cdot Q_0,$$

мұнда- Q_n -өнімнің массасы;

γ_n -өнімнің шығымы, %;

Q_0 -сағаттық өнімділік.

$$Q_n = \frac{Q_0 \gamma_n}{100} \quad (1.3)$$

$$Q_1 = \frac{645 * 250}{100} = 1612,5, \text{т/сағ}$$

$$Q_2 = Q_1 = 586, \text{т/сағ}$$

$$Q_3 = Q_0 = 645, \text{т/сағ}$$

$$Q_4 = \frac{150 * 645}{100} = 967,5, \text{т/сағ}$$

$$Q_5 = \frac{290 * 645}{100} = 1870,5, \text{т/сағ}$$

$$Q_6 = 645, \text{т/сағ}$$

$$Q_7 = \frac{190 * 645}{100} = 1225,5, \text{т/сағ}$$

$$Q_8 = 1225,5, \text{т/сағ}$$

1.3.2 Өнімдердің тепе – теңдігін есептеу

Кендегі пайдалы компонент $\alpha_{\text{CU}} = 1\%$,

Алынған концентрат $\beta_{\text{CU}} = 17\%$

Бөліп алу дәрежесі (концентратқа) $\varepsilon = 85\%$

Концентрат шығымы :

$$\gamma = \alpha \varepsilon / \beta = 1 * 85 / 17 = 5\% ; \quad (1.4)$$


Пайдалы компоненттің қалдыққа бөлініп шығуы :

$$\varepsilon_{\text{к}}^{\text{CU}} = 100 - 85 = 15\% \quad (1.5)$$

Алынған нәтижелерді кестеге енгіземін.

1 кесте – Металдар тепе-теңдігі

Өнімдер	Шығым γ , %	Мөлшері β , %	металл, $\gamma\beta$, %	Бөліп алу Дәрежесі, ε %
Концентрат	5	17	85	85
Қалдық	95	0.15	14,25	15
Кен	100	1	100	100



1.3 сурет – Мыс кенінің флотациясының принципіалды сұлбасы

$$\begin{cases} \gamma_2 = \gamma_5 + \gamma_6 \\ \gamma_2 \beta_2 = \gamma_5 \beta_5 + \gamma_6 \beta_6 \end{cases}$$

$$\beta_2(\gamma_5 + \gamma_6) = \gamma_5 \beta_5 + \gamma_6 \beta_6$$

$$1\gamma_5 + 14,25 = 0,01 \times \gamma_5 + 0,95$$

$$\gamma_5 = 13,4$$

$$\gamma_2 = 13,4 + 95 = 108,4$$

$$\begin{cases} \gamma_7 = \gamma_9 + \gamma_{10} \\ \gamma_7 \beta_7 = \gamma_9 \beta_9 + \gamma_{10} \beta_{10} \end{cases}$$

$$12(5 + \gamma_{10}) = 85 + \gamma_{10} \times 7$$

$$\gamma_{10} = 5$$

$$\gamma_7 = 5 + 5 = 10$$

$$\begin{cases} \gamma_3 + \gamma_{10} = \gamma_7 + \gamma_8 \\ \gamma_3 \beta_3 + \gamma_{10} \beta_{10} = \gamma_7 \beta_7 + \gamma_8 \beta_8 \end{cases}$$

$$\gamma_3 = \gamma_7 + \gamma_8 - \gamma_{10}$$

$$\beta_3(\gamma_7 + \gamma_8 - \gamma_{10}) + \gamma_{10} \beta_{10} = \gamma_7 \beta_7 + \gamma_8 \beta_8$$

$$\gamma_8 = 10$$

$$\gamma_3 = 15$$

$$\begin{cases} \gamma_1 + \gamma_{10} = \gamma_3 + \gamma_4 \\ \gamma_1\beta_1 + \gamma_{10}\beta_{10} = \gamma_3\beta_3 + \gamma_4\beta_4 \end{cases}$$

$$\gamma_1 = \gamma_3 + \gamma_4 - \gamma_{10}$$

$$\beta_1(\gamma_3 + \gamma_4 - \gamma_{10}) + \gamma_{10}\beta_{10} = \gamma_3\beta_3 + \gamma_4\beta_4$$

$$\gamma_4 = 88,8$$

$$\gamma_1 = 93,8$$

1.2 кесте – Байыту өнімдерінің сағаттық шығарылымы

№	Өнімнің атауы	Шығым, %	Мөлшер , т	Үлесі, %
0	Бастапқы кен	100	645	1
1	Негізгі флотациясының концентраты	93,8	605	1
2	Негізгі флотациясының қалдықтары	108,4	699	0,01
5	Бақылау флотациясының концентраты	13,4	86,4	1
6	Бақылау флотациясының қалдықтары	95	612,7	0,15
3	I тазалау флотацияның концентраты	15	96,7	7
4	I тазалау флотацияның қалдықтары	88,8	567,6	0,1
7	II тазалау флотацияның концентраты	10	64,5	12
8	II тазалау флотацияның қалдықтары	10	64,5	2
9	III тазалау флотацияның концентраты	5	32,25	7
10	III тазалау флотацияның қалдықтары	5	32,25	7


1.4 Сусыздандыру сұлбасын таңдау

Барлық әдістер мен процестерде қолданған су соңғы өнімдермен бірге шығады. Өнімдерден суды бөлудің қажеттілігі әр түрлі талаптарға байланысты. Концентраттарда судың процестік үлесі 5-60 %, ал қалдықтарда 15-85 % аралықта өзгеріледі. Концентраттардан суды бөлудің қажеттілігі арнайы талаптарға сәйкес жүреді. Металлургиялық өндеу алдында концентраттағы судың пайыздық үлесі 2-15 %-тен аспауы керек. Балқаш байыту фабрикасында мыс концентратын сусыздандыруы 2 сатыдан құралады. Қойыртпақты тиеу воронкасы арқылы қоюландыруға жататын орталықта чанға түседі. Түбіне шөгетін материал шұңқырдың ортасына қарай жылжиды, ол жерден сорғыштармен сорылады. Ашық су шана борты арқылы перифериялық науаға құйылады. Су-шламды сұлбаны жобалаудың мақсаты келесі болып табылады:

схема операцияларында оңтайлы сұйылтуларды (С:Қ қатынасы) қамтамасыз ету; операцияларға қосылатын немесе сусыздандыруда өнімдерден бөлінетін судың мөлшерін анықтау; схема өнімдерінде анықтау; байыту фабрикасы бойынша судың жалпы қажеттілігін анықтау және су бойынша теңгерімді құру. Қолданғанда келесіні ескеру қажет: материалдың тығыздығы қаншалықты жоғары болса, қуаттауда және өңдеу өнімдерінде қатты концентраттың салмақтық үлесі соншалықты жоғары болуы мүмкін; ірі және түйіршікті материалдар үшін қуаттауда және өңдеу операцияларында қатты концентраттың салмақтық үлесі көп жағдайларда ұсақ және шламды материалдарға қарағанда жоғары болуы керек; жеңіл флотацияланатын минералдармен бай өнімдерді флотациялауда көбікті өнімдерде қатты концентраттың салмақтық үлесі жоғары болады; ірі материал үшін қосымша судың шығыны ұсағына қарағанда жоғары болады; шаюда кеннің шайылуы қаншалықты жоғары болса, судың шығыны соншалықты төмен болады. Төменде есептеулер нәтижесімен қатар судың тепе-теңдігі көрсетілген.

1.3 кесте – Судың балансы

Түсетін		Шығатын	
Өнім аты	Су мөлшері т/сағ	Өнім аты	Су мөлшері т/сағ
Бастапқы кенмен	34	Концентрат	47
I ұнтақтау	198	Концентрат	27
I сұрыптау	295	I негізгі флот. қалдық	813
II сұрыптау	312	Бақ-у фл.камер.өнімі	813
Нег ф қ	45	ағызынды	37
бақ-у фл.	45		
I таза-у	297		
II таз-у	56		
III таз	18		
Қойлдыру	20		
фл к-т	417		
Барлығы	1737	Барлығы	1737



1.4 сурет – Сусыздандыру сұлбасы

1.4.1 Су - шламдық сұлбаны есептеу

Су - шламдық сұлбаны кеннің сағаттық өнімділігімен (645 т/сағ) байланысты есептеу жүргізілді. Өңделген өнімдердегі қаттының үлесі (%) :

Бастапқы кен	95%
I-классификациядағы гидроциклонның құмы	85%
I-сатыдағы диірменнің өнімінде	80%
II-классификациядағы гидроциклонның құмы	88%
II-сатыдағы диірменнің өнімінде	88%
Концентраттар	
негізгі флотациясында	60%
бақылау флотациясында	50%
Концентраттар	
I тазалау	64%
II тазалау	58%
III тазалау	55%
Қойылдырылған концентрат	55%

1.4 кесте – Су-шламды сұлбаны есептеу

Өнімдер	γ, %	Қат. құр. %	Қат. мас. Qt	Су мас m _{H2O}	Пульпа көлемі	Өнімнің аты	γ, %	Қат. мас. Qt	Қат. құр. %	Су мас m _{H2O}	Пульпа көлемі
I ұнтақтау											
Кен	100	95	645	34	679	I ұнтақ-дың	250	1612,5	80	403	2015,5
I гидроциклон құмы	150	85	967,5	171	1138,5	ағызындысы					
Су				198	198						
Барлығы	250	80	1612,5	403	2015,5	Барлығы	250	1612,5	80	403	2015,5
I ұнтақ-ң ағызындысы	250	80			2015,5	I гидроциклон	150	967,5	85	171	1138,5
Су			1612,5	403	295	құмы				527	
				295		I гидроциклон	100	645	55		1172
						ағызындысы					
Барлығы	250	70	1612,5	698	23105,5	Барлығы	250	1612,5	70	698	2310,5
II сұрыптау											
I гидроциклон	100	55	645	527	1172	II ұнтақ-ң					
ағызындысы						құмы	100	645	75	215	860
II ұнтақ-ң	100	75	645	215	860	II г-н ағыз-сы					
құмы							100	645	44	821	1466
Су				312	312						
Барлығы	200	55	1290	1054	2344	Барлығы	200	1290	55	1036	2326
II ұнтақтау											
II гидроциклон	100	88	645	161	806	II ұнтақ-ң	100	645	88	161	806
құмы						ағызындысы					
Барлығы	100	88	645	161	806	Барлығы	100	645	88	161	806
II гидр.ағыз.	100	44	645	821	1466	Көбікті өнім	5	32	43	43	75
Су				35	35	Камер. өнім	95	613	43	813	1426
Барлығы	100	43	645	856	1501	Барлығы	100	645	43	856	1501

1.4 кестенің жалғасы

Нег.фл-я қалық	108,4	45	699	854	1553	Бақылау ф-я конт	13,4	86	50	86	172
Су				45	45	Бақ-у фл. қалд.	95	613	43	813	1426
Барлығы	108,4	44	699	899	1598	Барлығы	108,4	699	44	899	1598
I тазалау											
Негізгі фл. к-т	93,8	60	605	403	1008	1Концентрат	15	97	64	54	151
Қалдық II тазалау	10	50	65	27	92	1Қалдық	88,8	573	46	673	1246
Су				297	297						
Барлығы	103,8	47	670	727	1397	Барлығы	103,8	670	47	727	1397
II тазалау											
1Концентрат	15	64	97	55	152	2Концентрат	10	65	58	47	112
III тазалау қалдық	5	54	33	27	60	2Қалдық	10	65	50	65	130
Су				14	30						
барлығы	20	54	130	112	242	Барлығы	20	130	54	112	242
III тазалау											
2Концентрат	10	58	65	47	112	3Концентрат	5	33	54	27	60
						3Қалдық	5	33	46	38	71
Су				18	18						
Барлығы	10	50	65	65	130	Барлығы	10	66	50	65	131
Концентрат	5	43	33	44	77	Концентрат	5	33	55	27	60
Фильтрат				20	20	Ағызынды				37	37
Барлығы	5	34	33	64	97	Барлығы	5	33	34	64	97
Концентрат	5	55	33	27	60	Концентрат	5	33	75	11	44
						Фильтрат				16	16
Барлығы	5	55	33	27	60	Барлығы	5	33	55	27	60

1.5 Негізгі технологиялық құрал-жабдықтарды таңдау және есептеу

1.5.1 Ұнтақтау құрал-жабдықтары

Есептеуі ұнтақтау сұлба негізінде, оған түсетін кен ірілігі $d_n = 12$ мм. Мыс кеніндегі минералдардың шламдануыға бейім, сондықтан ұнтақтауда өнімді тор арқылы шығаратын диірмендерді қолдандық. Балқаш байыту фабрикасындағы диірменнің габариттерің қабылдаймыз. Оның размері 3200×3600 мм, көлемі $V = 27$ м³. Шар жүктемесі $\phi = 46$ % құрайды, барабанның айналу саны оның шеттік айналу санынан $\psi = 80$ % құрайды. Диірменнің үлестік өнімділігі $q_{\text{эт}} = 1,15$ т/м³·сағ құрайды.

I-ұнтақтау сатысы

Бастапқы кен бойынша сағаттық өнімділік Q сағ = 645 т/сағ; бастапқы кендегі дайын кластың (-0,74 мкм) үлесі $\beta_6 = 9$ %; I-ұнтақтау сатысынан шыққан өнімдегі дайын класс $\beta_6 = 39$ %.

Ұнтақтау процесінің өнімділігін анықтауды эталондық диірменнің үлестік өнімділігін анықтаумен жүргіземіз. Есептеуге МШР 45х65 диірменінің аламын.

$$q_{74} = q_3 \cdot K_{\text{ц}} \cdot K_{\text{ц}} \cdot K_D \cdot K_T, \text{ т/м}^3 \cdot \text{с),} \quad (1.6)$$

мұнда $K_{\text{ц}}$ -ұнтақтауға жобаланатын кеннің эталондық қатынасы оның эталондық диірменде ұнтақталуының коэффициенті;

$K_{\text{ц}}$ -ұнтақтауға түсетін өнімнің және одан шыққан өнімнің іріліктерінің айырмашылығын ескеретін коэффициент;

